

ІРГЕЛІ ЕҢБЕК АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ШЫҚТЫ

• 15.03.2018 0 79



Осы жақында өзінің 85 жылдығы қарсаңында белгілі ғалым-экономист, академик, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының тоғызыншы президенті болған Кенжеғали Сағадиевтің «Қазақстандағы реформалар: талдау көзқарастары» (Reforms in Kazakhstan: an analytical View) атты ағылшын тіліндегі іргелі еңбегі жарық көрді. Соған орай, ҚР Ұлттық Ғылым академиясында өткен тұсаукесер шараға ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова мен Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек қатысып, сонымен қатар, оған елге танымал қоғам қайраткерлері мен түрлі саладағы ғалымдар жиналды.

Жиында алғашқы сөзді алған ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіхалықова Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағытындағы ең маңызды басымдықтардың бірі – отандық ғылымды дамыту екендігін баса атап өте келе, сол себептен оның еліміз үшін маңызы зор екендігіндігіне тоқталды. Әрине, Мемлекет басшысының жан-жақты қолдауының арқасында елімізде Тәуелсіздік жылдары ғылымды қаржыландырудың жаңа моделі енгізіліп, қазіргі замандық механизмдері қолға алынғаны келтірілді. Атап айтқанда, бұрнағы жылы ғана Қазақстанда ғылыммен 23 мыңдай ғалымдар мен 383 ғылыми ұйымдар айналысып, оларға 38 млрд. теңгедей қаржы бөлінген екен.

Осыдан кейін көрнекті ғалымды мерейтойымен құттықтау үшін қала әкімі Бауыржан Байбек сөз алып, оның ұзақ жылдан бері еліміз игілігі үшін және ғылымды дамыту жолында үздіксіз еңбек етіп келе жатқанын атап өтті де, «Кенжеғали Әбенұлы, Сіз еліміз үшін тарихи оқиғаларға толы болған өтпелі кезеңде республикамыздың Ұлттық Ғылым академиясына жетекшілік еттіңіз. Соның нәтижесінде отандық ғылым біршама жетістіктерге қол жеткізді» деді. Содан соң қала әкімі өз өмірінде жүзден аса ғылыми мақалалар жазған академиктің тынымсыз еңбек жолына тоқтала келіп, оның ағылшынша шыққан жаңа еңбегіне айрықша тоқталып өтті. Бұл ретте қала әкімі:

– Әрине, негізінде Қазақстанда жүргізілген реформаларға арналған бұл зерттеудің ағылшын тілінде жарық көруі өте маңызды. Өйткені, ол біздің еліміз экономикасындағы өте маңызды мәселелерге кең тоқталып өткен. Сондай-ақ, онда еліміздің түрлі саласындағы экономикалық реформаларға өткір және нақты талдаулар жасалып отырған. Сондықтан да бұл еңбекті зер сала мұқият оқып шығу керек, – деп атап көрсетті.

Қорыта айтқанда, шара соңында академик Кенжеғали Әбенұлы жиынға қатысқандарға өзінің риясыз алғыс сезімін білдіріп, ағылшын тілінде жарық көрген ерекше еңбегінің тұсаукесер рәсімін өткізді.